

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 6D010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған
Өмірзақова Әсел Махамбетқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары» тақырыбына жазылған
диссертациясына

ШІКІР

Әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі басымдықтарының бірі – педагогикалық мамандықтар даярлау жүйесін, әсіресе ауылдық аймақтарда орналасқан шағын жинақты мектептер үшін мамандар даярлау.

Бұл жөнінде ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауларында, еліміздегі стратегиялық құжаттарда да жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ шағын жинақты мектеп мамандарының білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктерін игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізу қажеттілігіне айрықша мән берілген. Мұның өзі жоғары оқу орнында болашақ шағын жинақты мектеп мамандарының әдістемелік даярлығы мен арнайы құзыреттілігін қалыптастыруда қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін, өзін-өзі дамытатын, заманауи технологияларды инновациялық үдеріс ретінде пайдалана білуді міндеттейді.

Осы тұрғыдан алғанда А.М.Өмірзақованың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары» тақырыбының өзектілігі сөзсіз.

Диссертациялық жұмыста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептегі оқу-әдістемелік жұмысқа бағытындағы ғылыми еңбектерді және білім саласындағы бүгінгі таңдағы тәжірибені талдау нәтижесінде мәселенің тарихи және теориялық аспектілері зерделенген.

Халықаралық тәжірибе мен отандық зерттеулерге сүйене отырып, ізденуші «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау» ұғымына өзіндік сипаттамасын берген, теориялық шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлауды қамтамасыз ететін модель мен педагогикалық шарттарды айқындап, тиімділігін эксперимент арқылы дәлелденген.

Докторант тиімді әрі сауатты таңдап алған ғылыми-зерттеу әдістері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау үдерісінің теориялық-әдіснамалық негіздері мен «Шағын жинақты мектеп», «Оқу-әдістемелік жұмыс», «Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлық» ұғымдарының мәнін анықтап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын шағын

жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлау компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерін айқындаған, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттарын негіздей отырып, шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың құрылымдық моделін әзірлеген.

Жұмыстың практикалық құндылығын оқу үдерісіне енгізілген оқу-әдістемелік кешен айғақтайды:

- «Шағын жинақты бастауыш мектепте оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс;

- «Шағын жинақты бастауыш мектепте білім беру мазмұны мен әдістемесі», «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын Өмжинақты мектепте білім беру негіздері» атты оқу құралдары;

- Оқытушылар мен студенттерге арналған «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында шағын жинақты мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың өзекті мәселелері» атты республикалық вебинар;

- «Шағын жинақты мектептегі өндірістік-педагогикалық (дипломалды) практика» әдістемелік нұсқаулығы (6B01303 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы аясында);

- «Бастауыш мектеп педагогикасы», «Дидактика», «Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі», «Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Бастауыш сыныпта жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі», «Бастауыш сыныпта дүниетану пәнін оқыту әдістемесі» пәндеріне шағын жинақты мектеп ерекшеліктеріне бейімделген жұмыс бағдарламалары;

- Қос сыныптарға арналған көпдеңгейлі күнтізбелік-тақырыптық жоспар модельдері;

- Шағын жинақты мектептегі сабақтарды оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Жалпы диссертанттың дайындаған тұжырымдары мен қорытындылары теориялық негізделген, дәлелді және толығымен зерттеу міндеттері мен оның барысында алынған нәтижелерге сәйкес келеді.

Ізденушінің алған нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы бар, себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың өзекті ғылыми проблемасын шешуге бағытталған және білім беру ісінде қолдануға болатын нақты нәтижелерге қол жеткізген. Диссертанттың осындай шынайы нәтижелерге қол жеткізуіне оның іске деген үлкен жауапкершілігі, ізденімпаздығы, еңбекқорлығы, ғылыми зерттеу әдіснамасынан терең білімі септігін тигізді.

Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіруге зор ықпалын тигізеді сөзсіз.

Қорыта келе, А.М.Өмірзақованың «6D010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы


(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік жұмысына даярлаудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы зерттеу жұмысын көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші:

п.ғ.д., профессор, академик Е.А.Бөкетов
атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің профессор-зерттеушісі

Абильдина С.К.



РАСТАВЕРМІ	
Ғылым хатшысы	
20__ ж. __ __	

